

Бекітілді:

«Сарысай орта мектебі» КММ

Мектеп директоры: Н.С.Нурмуханов

«31» тамаз 2022 ж.

Келісілді:

Оқу ісінің меңгерушісі:

Т.Т.Таласбаева

«31» тамаз 2022 ж.

ӘБ отырысында қаралды:

ӘБ жетекшісі: А.Е.Аманбаева

№1 хаттама

«27» тамаз 2022 ж.

Жаһандық құзыреттіліктер курсының тақырыптық-күнтізбелік жоспары

Жылына барлығы 18 сағат, аптасына 0,5 сағат

6 сынып

Пән мұғалімі: Таласбаева Т.Т.

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Ғасырлар тоғысында тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекетіміз Қазақстан Республикасы бүгінде өзінің саяси- әлеуметтік және индустриалды –экономикалық жүйелерін дамыту бойынша, әлемдегі алпауыт мемлекеттермен иық тіресе, өркениетті жаһандану әлеміне кірігуде. Мемлекет дамуының көп салаларының бірі- білім саласына да бүгінде аса назар аударылуда. Ертеңгі күннің бүгінгіден нұрлы болуы үшін еліміздің ертеңгі болашағы бүгінгі жас ұрпақтың заманға лайықты білім мен тәрбие алуы- өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда.

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

1. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- 1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- 2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
- 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;

6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;

7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;

8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат;

2. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады. «Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. «Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарымқатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әлауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыда:

1) кең ауқымды дағдылар;

2) әлеуметтік жауапкершілік;

3) сыни, креативті және шығармашылық ойлау;

4) өз білімі мен іс-әрекеті үшін жауапкершілік, басқаларға жанашырлық пен құрмет көрсету;

5) салауатты өмір сүру дағдысы мен айналасындағы адамдардың әлауқатына ықпал ету;

6) өмір бойы білім алу қажеттілігі;

7) экстремистік, террористік діни топтар мен ағымдардың идеологиялары мен тәжірибесінің ықпалына қарсы иммунитет қалыптасады.

Білім алушы

1) тәжірибеде алған білімдерін;

- 2) өзінің және басқаның жаңа идеяларын;
 - 3) сыни тұрғыдан бағалауды және ақпаратпен сенімді жұмыс істеуді;
 - 4) зерттеушілік, жобамен жұмыс жасау және волонтерлік жұмыс дағдыларын;
 - 5) тұрақты даму мүддесіндегі ашық, мейірімді қоғам құруға бағытталған білім мен дағдыларды қолданады.
- Білім алушылар

- 1) өзінің оқуын және жеке дамуын қолдау үшін күшті және әлсіз жақтарын;
- 2) өзінің және басқалардың жақсы өмір сүруі үшін өмірдің түрлі аспектілерін;
- 3) басқалармен ынтымақтастық қарым-қатынасын;
- 4) мемлекеттік, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениетаралық қатынастардың мәнін талдай алады.

Білім алушылар

- өз мінез-құлқы мен мәдениетін, жеке тарихын, сондай-ақ құндылықтар мен әртүрлі көзқарастарды;
- әр түрлі жағдайларда жауапты шешімдер қабылдауды сыни бағалайды.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9- сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» оқу пәні бойынша қосымшада берілген Үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзіреттер» курсының Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсының Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар, тақырыптарды игеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары көрсетілген.

Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте алады, сынып ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерді және оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып өзгерістер енгізе алады.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсының ұзақ мерзімді жоспары
6-сынып (аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат)

Тараулардың атауы	Сабақ реті	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)	Сағат саны	Уақыты	Ескерту
Парасаттылық және әдеп	1	Өмірлік ұстанымдарыма берікпін. Ұстазым - қамқорым менің, баулыған асыл өнерге...	Білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.	Жоба Буклеттер дайындау	1	07.09	
	2	«Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» (Асан қайғы).			1	21.09	
	3	Сыйға - сый, сыраға – бал. Мен өз әрекетіме жауаптымын			1	05.10	
Азаматтық және патриотизм	4	Менің әлеуметтік ортам	Қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.	Жоба «Менің кейіпкерім» сұхбаты	1	19.10	
	5	Мектебіміздің мақтанышы			1	09.11	
	6	Туған өлке тарихы			1	23.11	
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық	7	Нетикет деген не? Ғаламтордағы құқығым.	Медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және	Зерттеу жұмысы Ситуациялық есептерді шешу	1	07.12	

	8	Ақша қанша тұрады? Баска елдердің ақшасы.	заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.	Рөлдік ойындар Схемаларды құру Рөлдік ойындар	1	21.12	
	9	Адамның жеке табысын қалай арттыруға болады?			1	11.01	
	10	Міндетті отбасылық шығындар мен отбасындағы қажетсіз шығындар			1	25.01	
	11	Қымбат заттарды қалай сатып алуға болады? Отбасылық бюджет дегеніміз не?			1	08.02	
Тіршілік қауіпсіздігі	12	Менің үйге қайтар жолым	Адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға	Жоба Граффити/суреттер/сторибордтар жасау Жағдаяттық есептерді шешу	1	22.02	
	13	Құтқару қызметі. Абайлаңыз, күдікті заттар!			1	08.03	15.03
	14	Денсаулық пен сұлулық			1	29.03	

Экологиялық мәдениет		күпиялары немесе гигиена не үшін қажет?	бағытталған.				
	15	Үй-жайлардағы қауіпсіз жүріс-тұрысқағидалары			1	12.04	
	16	Туған өлкенің сұлулығы	Білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.	Туристік маршрутты жасау «Менің арманымның бағыты» жобасы Саяхатшылар клубын құру Комикс сайысы, аниме. Экологиялық рейд және рельеф картасын жасау. «Адам және табиғат» тақырыбына дөңгелек үстел Табиғи материалдан колөнер бұйымдарын жасау	1	26.04	
	17	Адам – табиғаттың бір бөлігі. Экологиялық саяхат.			1	10.05	
	18	Неліктен адам табиғатқа немқұрайлы қарайды?			1	24.05	